



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 450 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 қазандағы N 1411

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 450 Р970450\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 14, 104-бап) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігі туралы ереженің 6-тармағындағы 5-тармақша мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"АХАЖ" органдарының кадрларын аттестациялау, іріктеу және тағайындауға ұсыну, АХАЖ органдарына ұйымдастыру, әдістемелік басшылық жасау, Қазақстан Республикасы азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметінде бірыңғай құқықтық қолданымды практиканы қамтамасыз ету".

Аталған қаулының 1-қосымшасы:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Ішкі қауіпсіздік бөлімі

Кадр және ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаменті";

"Кадр және Әділет біліктілік алқасының қызметін қамтамасыз ету басқармасы", "Ұйымдастыру-бақылау басқармасы" деген жолдар алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК